

Мақат ауданы бойынша ауылдық округ және кенттер әкімдеріне үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін кандидаттарға орындар белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 209 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 23 шілдеде № 2751 тіркелді. Күші жойылды - Мақат аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 8 тамыздағы № 238 қаулымен

Ескерту. Күші жойылды - Мақат аудандық әкімдігінің 2013.08.08 № 238 қаулымен

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28 бабы 6 тармағы негізінде және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37 бабын басшылыққа алып, Мақат ауданы әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Мақат аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен (келісім бойынша) бірлесіп, Мақат ауданы бойынша ауылдық округ және кенттер әкімдеріне кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары белгіленсін.

2. "Мақат ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі осы қаулының аудан Мақат ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Мақат ауданы әкімі аппаратының басшысы А. Абилгазиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Умаров

КЕЛІСІЛДІ:

Мақат аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Ә. Ерғожиев
22 шілде 2013 ж.

Аудан әкімдігінің
2013 жылғы 22 шілдедегі № 209
қаулысына қосымша

**Мақат ауданы бойынша ауылдық округ және кенттер әкімдеріне
кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру
орындарының тізімі**

№	Мекен-жайы	Орналасқан жері
1	Мақат поселкесі, Бәйге-төбе ауылы, 3	"Бәйге-төбе орта мектебі" мемлекеттік мекемесінің алдыңғы алаңындағы стенд
2	Мақат поселкесі, Орталық алаңы, 2	"Мақат аудандық мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналы кәсіпорынының алдыңғы алаңындағы стенд
3	Доссор поселкесі, Завод бөлімшесі, 1 үй	"Абай атындағы жалпы орта білім беру мектебі" мемлекеттік мекемесі алдыңғы алаңындағы стенд

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК